

Қызылорда облысының "Су қоймаларында азаматтардың қауіпсіздігін сақтаудың міндетті ережелерін" бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 1998 жылғы 23 қазандағы Шешімі /XVII сессия/. Қызылорда облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 20 наурызда № 79 болып тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты тоқтатылды - (Қызылорда облысы Әділет департаментінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі № 2/2268 хатымен)

Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты тоқтатылды - (Қызылорда облысы Әділет департаментінің 01.04.2008 № 2/2268 хатымен)

Қазақстан Республикасының "Жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Заңының 40 және 41 баптарына сәйкес облыстық Мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қызылорда облысының "Су қоймаларында азаматтардың қауіпсіздігін сақтаудың міндетті ережелері" бекітілсін (қоса жалғанады).

2. Қызылорда облысының "Су қоймаларында азаматтардың қауіпсіздігін сақтаудың міндетті ережелерін" бұзғаны үшін салынатын **айыппұл мөлшері** ҚР әкімшілік кодексіне үйлестірілген 1997 жылғы 17 желтоқсандағы № 48 "ҚР су қоймаларындағы азаматтар қауіпсіздігін сақтаудың типтік Ережелерінің" тиісті баптарында ұсынылған мөлшерге сай бекітілсін.

3. Қызылорда облысы, аудандары және Қызылорда қаласы әкімдеріне су қоймаларын және суландыру нысандарын (объектілерін) пайдалану жөніндегі бұрын басшылыққа алынып келген нормативтік актілер мен басқа да құжаттарды осы шешімнің бірінші бабында бекітілген ережелерге сәйкестендіруге сессия жұмысын бітіргеннен кейінгі бір ай мерзім ұсынылсын.

4. Барлық, санаттағы әкімшілік комиссияларына Қызылорда облысының "Су Қоймаларында азаматтардың Қауіпсіздігін сақтаудың міндетті ережелері" баптарын бұзушыларға әкімшілік шаралар қолдануда Қызылорда облыстық судан құтқару қызметінің ұсынысын басшылыққа алу ұсынылсын.

5. Қызылорда облысының "Су қоймаларында азаматтардың қауіпсіздігін сақтаудың міндетті ережелерін" бұзғаны үшін толтырылатын (жасалатын) хаттама үлгісі (қосымшада) бекітілсін.

6. Облыстың барлық деңгейдегі әкімшіліктеріне Ережелерді бұзудан салынған айыппұлдардан түскен сомалардың 30 пайызы (проценті) Қызылорда

облыстық судан құтқару қызметінің материалдық-техникалық базасын дамытуға жұмсалынуын ескеру ұсынылсын.

Облыстық Мәслихат

XVII -сессиясының төрағасы

Облыстық Мәслихат

хатшысы

А. Әліпбаев

Б. Ермақашев

Кызылорда облыстық
Мәслихатының (XVII -сессия) 1998 ж.
23 қазандағы шешімімен
бекітілген қосымша

Облыс су қоймаларында азаматтардың қауіпсіздігін сақтаудың міндетті ережелерін бұзғандығы үшін ХАТТАМА-ҚАУЛЫ

" ____ " _____ 199__ ж. _____

қала, аудан

хаттама жасаушы органның аты

хаттама толтырушының аты-жөні, қызметі

Ереженің бұзылған жер-мекені

Ереженің бұзылған бабы, қысқаша мазмұны

Ереже бұзушының түсінігі

Ереже бұзушы жөнінде мәлімет:

1. _____

2. _____

3. _____

4. Есеп айырысу шоты № банк аты _____,
код РНН _____

Хаттама жасаушылардың қолы:

5. Әкімшілік комиссиясына **міндетті** келуге белгіленген уақыт 199__ж.
" __ " _____ сағат _____

6. Хаттамамен таныстым _____

Ереже бұзушының қолы

кесу сызығы

Әкімшілік комиссиясының шешімі:

Облыс су қоймаларындағы азаматтардың қауіпсіздігін сақтаудың **міндетті**
ережелерінің _____ бабын бұзғаны үшін

Ереже бұзушының аты-жөні

теңге айыппұл салынсын.

Көрсетілген айыппұл сомасы _____ күн ішінде төленуге тиісті.

Есеп айырысу шоты № _____, банк аты _____,

код № _____ РНН _____

Хаттама- қаулыны алдым _____

қолы

Айыппұлдың төленуі жөнінде

ХАБАРЛАМА

Облыстық судан құтқару қызметіне _____

аты-жөні

199__ж. " __ " _____

айыпталушының аты-жөні, қызмет орны,

қызметі

салынған _____ теңге айыппұл

цифрмен-жазбаша ақша сомасы

сомасы _____
ақша аударылған мекеменің аты
есеп айырысу шоты № _____ аударылды (нақты төленді)
Әкімшілік комиссиясының хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ